

**Даникеева Айгуль Бакытжановнаның «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбындағы
6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындаған
диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі Қазақстандық жалпы білім беру жүйесінің басым бағыттық мақсаттары мен міндеттері мектеп, орта кәсіптік білім, жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықтар бойынша білім алушылардың заманауи білімдерді оқыту мазмұнында олардың жас және білім алу мекемелеріндегі сатылық деңгей ерекшеліктеріне үйлесімді әрі сәйкес келетін білім мен білік, дағдыларды меңгерген жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуын жүзеге асыру болып табылады. Бұл Отандық білім беруді жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастырудың міндеттерін жүзеге асыруда ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттың қол жеткізген жетістіктерін, ғылымның өмірлік тәжірибедегі нәтижелері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және өзінің меңгерген кәсібі бойынша заманауи білім мен технологияларды меңгеруіне, мамандығы бойынша шыңдалуы мен шеберлігінің өсуіне қажетті білім алуына жағдайлар жасау арқылы адам капиталын дамыту мәселесі көзделген.

Бүгінгі мұғалім мамандарын даярлау барысында педагогикалық тәжірибеге енген жаңартылған білім беру мазмұны негізінде педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға қабілетті кәсіби мамандарды педагогикалық еңбекке бейімдеуде олардың әлеуетін қалыптастыру мен жетілдіру мәселесі де көкейкестілік мәселеге айналып, оған ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан жаңаша келуді негіздеп отыр. Бұл тек болашақ педагог мамандарды ғана қамтып отырған жоқ, сонымен бірге мектептегі педагогикалық қызметпен айналысып жүрген мұғалімдерге де қатысты болып отыр. Өйткені, педагогикалық үдерістегі қалыптасқан жүйе шеңберінен шығуды мақсат етіп, жаңашыл педагогикалық бағыттарды игеру және меңгерту мәселелерін де басшылыққа алады. Бұнда мұғалімнің немесе болашақ маманның кәсіби қызметіндегі басты мәселе оқушыларға білімдерді жаңашылдық тәсілдерді кеңінен пайдалану арқылы беру мен оны өзінің жеке өмірлік тәжірибесінде қолдана алу білігіне үйрету және жете түсіндіру болып табылады.

Отандық білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан педагогикалық ойлар әлемдік және еуропалық білім саласындағы озық тәжірибелермен үйлесімді болуын басшылыққа алады. Болашақ мамандарды кәсіби қызметке бейімдеу мен тәрбиелеу барысы біздің бұған дейінгі қалыптасқан білім жүйесіндегі тарихи озық пікірлермен үйлесімдік болуы шарт және соларға табан тірей отырып өзіндік бейнесі бар Қазақстандық білім беру жүйесін жүзеге асыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Мәселен, әр дамудың тарихи кезеңдік ерекшеліктеріне жаңаша көзқараспен талдау жасай отырып, қазіргі қоғамдағы білім беру мен тәрбиелеуді адами құндылық тұрғысынан ізгілендіру міндеттеріне сәйкес анықталған мақсаттарды іске асыруда

болашақ кәсіби маманның әлеуетін жаңа заман талаптарына үйлесімді қалыптастыру қажеттілігі де күн тәртібінен орын алатыны заңдылық. Әр дамудың кезеңдеріндегі қойылатын талаптар мен сұраныстарға сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуда әлем мен қоршаған өмірлік дүниені ғылыми тұрғыдан түсіну және жаңа жағдайда кәсіби қызметіне жаңа тұрғыдан келу қажеттілігі орын алады. Яғни, болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде жаңашыл бағыттағы ғылыми теориялық негіздер мен педагогикалық тәжірибеге мүмкіндігінше жақын, әдістемелік жүйе мен технологияларды меңгерген, ізденушілік пен шығармашылық ойлау қабілеті қалыптасқан, ұлттық дүниетанымы бекіген, өзгермелі дүниеге бейімделушілігі мен бәсекеге қабілеттігі бар, жалпы адами ізгілік құндылықтарды меңгеру дағдыларына ие, кәсіби бағыттылығы анықталған жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру мен дамыту қазіргі жоғары оқу орындарының басты бағыты болып табылады.

Мемлекетіміздің жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудағы мамандықтарының ашылуы мен оларға әрбір жоғары оқу орынының академиялық еркіндікте білім бағдарламаларын жеке жасауы - жоғары оқу орындарының халықаралық тәжірибеге мән беріп, олармен өзара үйлесімділік пен ықпалдастықтың байланысты болуына назар аударуына байланысты болып отыр. Осыдан болашақ мұғалімдерді қызметтегі кәсіби білімі мен білігін және дағдыларын бекіту арқылы оладың педагогикалық әрекетіндегі әлеуетін жаңа мазмұндағы білім жүйесін үйлесімді қалыптастыру мен дамыту мәселесі аса бір көкейкестілігімен орын алып отыр деуге болады. Бұнда болашақ педагогтердің жеке болмыстық қырларын және келешек кәсіби қызметтеріне бейімділігін, бәсекеге қабілеттілігін, жаңашылдығын, зерттеушілік пен шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпалын тигізетін мақсатты түрткі себептерінің /мотивтерінің/ мемлекет мүддесіне үйлесімді келу керектігін қажет етеді.

Болашақ педагог мамандарды кәсіптік қызметке дайындығы, жеке тұлғалық болмысы мен педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту барысындағы мәселелердің зерттелу бағытын қарастыру мен талдауда, ғалымдар әртүрлі бағытта зерттегенін көрсетті:

Мәселен, жалпы педагог мамандардың және болашақ педагогтың педагогикалық еңбек қызметіндегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жайындағы ғылыми зерттеушілік еңбектер Отандық ғалымдар: Тұрғынбаева Б.А., Калматаева А.М., Бурина Е.И. және т.б., Ресейлік ғалымдар Боднар А.М., Божинская Т.Л., Киселева О.О., Костылева А.А., т.б. жазса, болашақ педагог мамандарды кәсіби қызметке даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне Қонақбаева Ұ.Ж., Ахметова Г.К., Молдабекова М.С., Джанбубекова М.З., Хмель Н.Д., Сайлыбаев Б., Каргин С.Т., Хурло, Л. т.б. қарастырған.

Болашақ педагог мамандарды даярлаудағы біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы, тәжірибесі құзыреттіліктер мен зерттеушілік және шығармашылық пен жаңашылдық сипатқа ие мәселелері бойынша қарастырушы Құдайбергенова К.С., Нағымжанова Қ.М., Оспанбекова М.Н.,

Джексембаева Г.С., Сыздықбаева А., Кенжебеков Б.Т., Ажибеков К.Т., Таубаева Ш.Т., Исаева З.А. т.б. ғалымдар қарастырса, болашақ педагог мамандарды психологиялық тұрғыда дайындаудың жеке үдеріс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту мазмұны және әдістемелерінде білім алушылардың тұлғалық және пән ерекшеліктеріне сәйкес мұғалімдік қызметтегі әлеуеті мен кәсіби қызметіндегі психологиялық аспектілері бойынша Жарықбаев Қ.Ж., Шерязданова Х.Т., Джакупов С.М., Перленбетов М.Ә., Шевандрин Н.И. т.б. ғалымдар қарастырған болатын.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, бүгінгі күні жеке тұлғалық және кәсіптік әлеуеттің көкейкесті мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық материалдың бар екендігіне негіз болады. Дегенмен де, Қазақстандағы жаңартылған білім мазмұнының педагогикалық тәжірибеге енуіне байланысты педагог қызметінің әлеуетін жаңаша тұрғыдан қарауға алып келді. Қазіргі кезде бұл көкейкесті мәселесінің кейбір жақтары, анықтап айтсақ, әдебиеттерде болашақ педагогтарды және мектепте педагогикалық еңбекпен айналысып жүрген педагогтың кәсіби қызметінің әлеуетін дамыту мәселесі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қажеттілік деңгейде әлі де болса толық ашылмаған деуге болады.

Зерттеудің өзектілігі, қайшылықтары мен көкейкестілігін талдау негізінде қазіргі білім беру жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту мәселелерінің ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу авторлары жинаған материалдарды талдау кезінде алынған нәтижелер тек ұлттық ғылымға ғана емес, сонымен қатар шетелдік зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Зерттеу нәтижелері бойынша заманауи білім берудің жағдайында педагогтердің әлеуетін кәсіби дамытуды айқындау теориясында шетелдік әзірлеменің жаңа кезеңін іске асырады. Бұл әзірлеме педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту теориясы бойынша соңғы зерттеулердің теориялық мәліметтері бойынша және осы мақаланың авторларының жүргізген эмпирикалық материалдарының түпнұсқасы негізінен алынды, өйткені кәсіби әлеуетті дамыту мәселесімен таныс және айналысқан отандық ғалымдар мен Қазақстандық зерттеушілердің аздығы негіз болмақр.

Осыған байланысты бірқатар қарама-қайшылықтар пайда болды: қазіргі білім беру мазмұны жағдайында жоғары оқу орындарында дайындалатын болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту деңгейінің арасында; болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту қажеттілігі мен аталған көкейкесті мәселелердің педагогикалық теория мен тәжірибеде жеткілікті зерттелмеуінің арасында. Мәселен:

- бүгінгі білім беру мазмұнын жаңғырту барысында туындайтын міндеттерді іске асыру үшін бірқатар маңызды қайшылықтарды шешу қажет;
- қазіргі білім беру жағдайында жаңашылдыққа, шығармашылық ойлауға қабілетті педагогтердегі білім берудің жаңартылған мазмұны жүйесінің қажеттілігі мен педагог мамандардың көпшілігінің кәсіби-тұлғалық сипаттамаларының осы талаптарға сәйкес келмеуі арасында;

- педагогтердің үнемі өз бетінше білім алуды дайындауы және жаңашылдықтарға ынталандыруды дамытуды ескермей, педагогтердің ескі қалыптасқан жүйесін сақтап қалуы арасында;

- болашақ мұғалімдерді қажетті даярлығына жаңартылған білім беру мазмұнының талаптары мен осы даярлықтың нақты деңгейі арасында;

- педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру қажеттілігі мен осы мәселенің орта білім беру теориясы мен тәжірибесінде дамымай қалуы арасында.

Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұны мен мәнін ашып, оны жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын анықтау, біздің зерттеуіміздің көкейкестілігін белгіледі. Бұл мәселенің теория мен тәжірибеде жеткілікті деңгейде зерттелмегендігі біздің жұмысымыздың тақырыбын **«Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы»** деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуын теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

Зерттеудің пәні: Қазіргі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі.

Зерттеу болжамы: *егер*, қазіргі білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың қызметіндегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға негізделіп жасалған құрылымдық-мазмұндық модель мен оның тәжірибелік тиімділігі педагогикалық үдеріске элективті курс ендіріліп, оның қажеттілігі дәлелденіп жүзеге асырылса, *онда*, болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін жоғары оқу орнында қалыптастыру мен дамытудың нәтижелілігі артады, әрі қазіргі мектептегі жаңартылған білім мазмұны жағдайына педагогикалық еңбекті атқара алатын кәсіби әлеуеті дамыған мамандар даярлауға мүмкіндігі арта түседі.

Зерттеудің міндеттері:

1. Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздерін ашу;

2. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау;

3. Қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау мен моделін жасау;

4. Бүгінгі ЖОО-ның білім беру мазмұнында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориялық негіздерінің құрылымын, мазмұны, мәнін қазіргі көзқарас

тұрғысынан негіздеу және оны жетілдірудің педагогикалық шарттарын белгілеп, ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде мұғалімдік қызметіне болашақ мамандарды дайындау барысында олардың кәсіби әлеуеттерінің негізі қаланып келешекте дамуына өзек болатын жаңаша білімдерді меңгеруге ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық әдіснамалық негіздері болып - қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының теориясы, диалектика танымның теориясы, біртұтас педагогикалық үдеріс түсінігі мен көзқарас, жеке тұлғаның өзіндік болмысын және оны кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мен мұғалімдік қызметке кәсіби бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасы үздіксіз білім беру және өзін-өзі дамыту жайындағы теориялар, әрі педагогтың кәсіптік дайындығын арттыруға негіз болатын философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б. ғылыми еңбектердегі ой тұжырымдар енеді.

Зерттеу көздері: Қазақстан республикасының білім беру саясаты аясындағы «Білім туралы» туралы заң, білім беру жүйесін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, құқықтық-ережелік нұсқаулар, Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер /ҚР МЖМБС/ т.б. ақпарат көздері пайдаланылды:

- Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудағы Қазақстандық және алыс, жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері.

- Педагогикалық мамандық даярлайтын білім бағдарламаларына негіз болатын оқу жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендер және бүгінгі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін көкейкесті мәселе ретінде қарастырушы педагогтердің, психологтардың және жеке тұлға әлеуетіне қатысты философиялық еңбектер мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы мерзімді басылымдар.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) зерттеудің көкейкестілігі педагогикалық теория мен тәжірибе жағдайы анықталды, жоғары білім берудің теориясы мен тәжірибесі жөнінде отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасалды, зерттеу тақырыбы негізделді, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды және болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға негізделген моделі жасалып, ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесінде тиімділігін анықтауға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру жүргізілді.

Екінші кезеңде (2018-2019ж.ж.) қазіргі ЖОО-ның білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасу деңгейі зерттелді, бүгінгі педагогтың кәсіби әлеуеті жайындағы көзқарастық түсінік жүйеленіп, педагогикалық шарттарын анықтап, «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс ЖОО-ның оқу үдерісіне ендіріліп, түрлі зерттеу әдістерін қолдану және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2019-2020 ж.ж.) болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға арналған моделдің ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесіндегі тиімділігіне көз жеткізу барысындағы соңғы кезеңдік нәтижелер бойынша қалыптастыру және анықтаушы эксперименттердің көрсеткіштері қорытыланды, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетіне негіз болған педагогикалық шарттарының дұрыстығын тексеру жүргізілді, алынған нәтижелік көрсеткіштер бойынша математикалық өңдеу жасалды және бастапқы көрсеткіштерді салыстыра отырып болжамның дұрыстығына көз жеткізіп, қорытынды ұсыныстар берілді.

Зерттеудің әдістері: Педагогикалық-психологиялық және жалпы ғылыми еңбектерге салыстырмалы теориялық талдау жасау, қорыту, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, топтау және сауалнама жүргізу, сұрақ-жауап, педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жүргізу, зерттеу нәтижелерін статистикалық сандық, пайыздық көрсеткіштерін анықтау мен өңдеу және салыстырмалы-сәйкестендіру әдістері пайдаланылады. Әдістерді таңдау әр кезеңдегі міндеттерді шешу мен зерттеу логикасына сәйкес анықталады.

Зерттеу базасы: Тараз инновациялық гуманитарлық университеті, М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – «Ұстаз» институты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық құндылығы:

1. Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздері қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан ашылды;
2. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, жүйеленді;
3. Қазіргі ЖОО-да болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, моделін жасалды;
4. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бағытындағы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, олардың нәтижелері алынды.

Зерттеудің тәжірибелік мәні қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту моделінің жасалу мен зертеу бағыты мазмұнына сәйкес келетін элективті курстың бағдарламасы жасалып педагогикалық тәжірибеге енгізілуі және оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде болашақ мұғалім мамандарын дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға (бастауыш сынып мұғалімдері мен орта, жоғары сыныптардағы жеке пән мұғалімдері) бейімдей отырып пайдалануға болатын мүмкіндігінің бар екендігімен сипатталады.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:

1. Педагог қызметіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұны, мәні авторлық анықтама және оған қойылатын қазіргі кездегі талаптарды талдау арқылы құрылымдық құрамаларын жүйелеп, айқындалды.
2. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-әдістемелік жолдары ұсынылады.

3. Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының педагогикалық шарттары беріліп, моделін ұсыну:

- «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курсты енгізу;

4. Қазіргі ЖОО-да білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруда оның мазмұндық құрылымына негіз болатын құрамалардың негізделуін анықтап, дәлелдеу.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі - зерттеудің мақсатын, міндеттерін орындау мен қойылған болжамның дұрыстығына сенімділігін артыру барысында үйлесімді кешенді әдістемелер мен әдіс-тәсілдердің пайдаланылуы, болашақ педагогтердің жеке танымдық және қызметтегі кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы ой-пікір қалыптастыратын философиялық, психологиялық, педагогикалық, т.б. еңбектерінің тұжырымдамалық қағидаларын басшылыққа алынуымен; педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеуі және алынған мәліметтерді саралап, талдау қорытындысымен қамтамасыз етілген; зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми теориялық қорытындылар мен тұжырымдар отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында, шетелдік, отандық ғылыми-педагогикалық журналдарда жарияланды.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспе. екі бөлімнен, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшамалардан тұрады.

«Педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының ғылыми - теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде педагог қызметіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұндық жүйесін беретін құрылымдық құрамалары және олардың құраушы ретіндегі мәндік мазмұнына сипаттамалық салыстырмалы талдаулар жасап қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы жайында ғылыми теориялық негіздемелер жасалған. Сондай-ақ, қазіргі жағдайына мұғалімнің кәсіптік қызметіне болашақ педагогтарды даярлау барысында ЖОО-ның педагогикалық үрдісіндегі орын алып отырған білім беру мазмұнының жүйесі талданып, ғылыми тұжырымдар жасалған.

«Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін заманауи білім беру жағдайында қалыптастыру мен дамыту жолдары» атты екінші бөлімде тәжірибелік-педагогикалық жұмыс баяндалады, білімгерлер мен қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуеті қалыптасуының деңгейлік көрсеткіші сараланып, талдау және оған негіз болған педагогикалық шарттары беріліп, педагогикалық тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелері және ұйымдастырылуы беріліп, жасалған моделдің педагогикалық тәжірибедегі тиімділігі зерттеу жұмысында көрсетілген.

Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының мазмұны бүгінгі қоғамда қажеттілікті өтейтін жақсы өмір сүру, даму және алға ілгерілеп өсу үшін әлеуметтік институттар жүйесі жұмыстар жасауда. Соның бірі – қоғам дамуының бүгінгісін және келешек болашағын қамтамасыз ететін – жалпы білім беретін мектептер жүйесі. Мектептердің типтік ерекшеліктеріне орай

ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс және педагог қауымының кәсіби қызметінің бүгінгі мен ертеңгі күні атқаратын жұмыстарының барыстарын арнайы заңдар және талаптық ережелік нұсқаулар негізінде қурылуы тиіс. Осы негізден мектеп жасындағы оқушы-жастарға мақсатты түрде терең білім мен ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар негізінде мәдениет қалыптастыруға, ізгілік адамгершілігі басым, ізденушілік пен шығармашылыққа бейім әрі белсенділік қасиеттері көрініс беретін жасұрпақты өмірге баулуда - *кәсіби әлеуеті берік орнаған педагог дайындау* қажет.

Осы тұрғыдан келгенде біздің зерттеуіміздің негізгі түсінік мазмұны мен бағыт-бағдарын анықтау қажет деп санаймыз. Тақырыптық зерттеуге алынған ғылыми жұмысымызда орын алатын «педагогтың кәсіби әлеуетін» және «педагогтың кәсіби әлеуетін дамытуды» ұғымдарына түсіндірме талдаулар жасап олардың мәні мен мазмұнын ашып қарастыру басты және заңдылық мәселе деп түсінеміз. Диссертациялық жұмыста негіз болып табылатын түсініктер жайында кейінгі жылдардағы психология мен педагогикада қалыптасқан жеке тұлғаның кәсіби әлеуетін анықтау анықтамаларына, тәсілдеріне, заманауи тұжырымдамаларын басшылыққа аламыз және соларға сүйене отырып сипаттамаларын береміз.

«Кәсіби әлеует» жалпы құрылым ұғымы мазмұны жағынан күрделі және салалы болып келеді. Мәселен:

1. Педагогикалық іс-әрекетке бейімделу бағытын бағдарлаудың және іс-әрекетке қатысты нақты жағдайының арақатынасына байланысты. Бұл жағдайда алынған тәсіл педагогикалық қызметпен айналысуға және табиғи қабілеттің маңызы ерекшелігіне бағытталғандығын атап өтеді;

2. Кәсіби қызметке педагогтың қатынасын береді. Дегенмен де, кәсіби міндеттерді сапалы орындау үшін үлкен қабілеттің болуын қажет етеді;

3. Педагог кәсіби еңбегінде педагогикалық талаптарға қойылатын деңгейге сәйкес орындап, педагогикалық үдерістің мәнін жеке түсіну мен оқу іс-әрекетінің дидактикалық қағидалар жүйесіне бағындырыла отырып бірлікте орындау мүмкіндігіне ие болуы ретінде түсіндіріледі;

4. Педагогтың кәсіби әлеуеті – бұл жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы мен шоғырлануы, яғни жүйе - білім, білік, дағды, ойлау және іс-әрекет әдістерін дайындау үдерісінде көрініс беретін дайындығы.

Педагогтың кәсіби әлеуетіне қатысты және мазмұн жағынан жақын ұғым - педагогикалық кәсібилік. Жалпы қарастырғанда педагогикалық кәсібилік оқу-тәрбие үдерістердің барысын саралап, ұйымдастырылуы мен өткізілуін болжау, келешекте пайда болатын қиындықтарды алдын ала шешу мүмкіндігіне ие болу қабілеті. Яғни, кәсібилік - бұл кәсіби тұрғыдан ойлау және әрекет жасау қабілеті.

Біздің зерттеуімізде моделдеу әдісі болашақ педагогтың кәсіби-әлеуетін қалыптастырудың моделін жасауда қолданылады. Сонымен, біз модельдің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық

үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасы, әдістері мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз.

Педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрын басталғанмен, оны бітіргенімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады. Педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өз бетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт.

Педагогтың кәсіби қызметіне және педагогикалық әрекетке қатынасының көрсеткішін /жоба мен болжамын/ анықтау үш кезеңде жүргізілді және оған 92 мұғалім қатысты. Онда: 2017-2018 оқу жылында /28 мұғалім/, 2018-2019 оқу жылында /34 мұғалім/ оқушының және мұғалімнің жеке тұлғалық болмысындағы тәрбиелік бейнесінің қажетті көрінісі және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметіндегі талаптық іскерлік деңгейінің қалыптасуы туралы мәлімет алуға және 2019-2020 жылы /30 мұғалім/ мұғалімдер - педагогтың оқушы тұлғасын қалыпты дамудағы тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы және оған педагогтың үйлесімділігінің негізіне беретін кәсіби әлеуеттік мәселесіне қатысты арнайы бақылау мен байқау және сауалнамалар жүргізілді. Бұл шаралар келесі мақсатты көздеді: педагогтың оқушының жеке тұлғалық болмысын тәрбиелеудегі өзіндік жеке және кәсіби әлеуетін қалыптасуы және дамуының көрсеткіштерін анықтап, зерттеу жұмысымызды ілгерілету үшін «табан тіреу» басшылық ретінде өзек етіп алдық. Сондай-ақ, бұны педагогтердің өздігінен білім алуымен, өзін дамытып, жетілдіру және жаңартылған білім негізінде біліктіліктерін арттыруға негіз ретінде қарастырып алдық.

Болашақ педагогқа өзінің осындай қасиеттерін көрсетуге мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық құрамы қалыптасуының деңгейін өсіру қажет деп түсінеміз. Жоғары оқу орнында болашақ педагогтың жеке субъектілігін қалыптастыру туралы айтылғанда, кәсіби білім берудің мақсаты болып эмоционалды құнды қарым-қатынасты қалыптастыру, өзіндік санасының дамуы, кәсіби қызметті бастауға дайындығы аталады.

«Педагог әлеуетінің қалыптастырумен дамытудың теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы элективті курс мазмұны, «жеке әлеует», «кәсіби», «педагог әлеуетінің құрылымдық құрамалары» т.б. ұғымдарының мәні. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуында басты негіз болатын мәселелер ретінде: Мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық құрамаларының өзек болып табылатындығына басымдылық берілді де, олардық мазмұндық жүйесін түсіндірдік. Мәселен, 1. Мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ -

ізденушіліктің мазмұндық жүйесіне - әдіснамалық ілімдер: құндылық теориясы /аксиология/, білімнің бастауы және ұқсас білімдер /гносеологиялық/, пәнаралық байланыс т.б мазмұндық жүйесін құраушылар деп енгізіп, қарастырсақ. 2. Танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік - теориялық білімдер: педагогикалық - психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдерді мазмұндық жүйесін құраушылар деп таптық. 3. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық - әдістемелік және тәжірибелік білімдер мен білік: жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлікті дамытудағы мазмұндық жүйесін құраушылар деп негіздедік.

Осы элективті курсты оқу жоспарына енгізгеннен кейін, мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық құрамаларын басшылыққа ала отырып - әдіснамалық ілімдер: құндылық теориясы /аксиология/, білімнің бастауы және ұқсас білімдер /гносеологиялық/, пәнаралық байланыс; теориялық білімдер: педагогикалық - психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдер; әдістемелік және тәжірибелік білімдер мен білік: жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлік туралы мәселелерді негіздеуде білімгерлердің сабаққа белсенді, саналы қатысуы жоғарылап, олардың рухани құндылықтарының, жеке болмыстық қабілеттерінің, сабақ беру кезінде оқу-танымдық бағытта ғылыми түсінік деңгейінің өсуіне ықпал етті. Мұндай көрсеткіштер бұдан кейін тапсырмаларды дәстүрлі емес жолдармен өткізуге, білімгерлерді болашақ педагогикалық кәсіби қызметке даярлау мәселелері төңірегінде өзін-өзі жетілдіруге, білім, білік, дағдыларының берік болуына және педагогикалық жағдаяттарды шешуге үйренді.

Болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы жайындағы деңгейі педагогикалық кәсіби қызметке жауапкершілігінің артуының тиімділігін дәлелдеп және оны дамытуда жоғары оқу орнының жүйесінде болсын, сонымен қатар педагогикалық мамандардың білімін жетілдіру институттарында болсын оң нәтижесін береді.

Осылайша, жүргізілген педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар жоғары оқу орнында болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың анықталған ғылыми-әдістемелік тиімділігін дәлелдеп, теория тұрғысынан ұсынылған болжам өзінің тәжірибелік қолдауын тапты.

Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың ғылыми теориялық қағидалар негізделуі және тәжірибелік эксперименттік жұмыстарынан алынған нәтижелері арқылы төмендегідей қорытындыладық:

1. Қазіргі таңдағы болашақ педагогтердің кәсіби қызметтегі жұмысына дайындау жағдайын зерттеу, жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың жеке тұлғалық болмысы мен педагогикалық еңбектегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың қажеттілігін анықтады, оның ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде іске асырудағы маңыздылығы анықталды.

2. Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуына бағытталған теориялық білімдерді ғылыми әдебиеттерді талдау, бізге болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптасуы мен дамуындағы құрылым, маңызы, оның педагогикалық қызмет тиімділігін негіздеудегі мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ - ізденушіліктің, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушіліктің, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылықтың және жалпы педагогтық қызметтегі кәсіби әлеуетінің мазмұны, көрсеткіші және оның қалыптасуы мен дамуындағы ілгері өсуінің ішкі жүйесін түсініп жүзеге асырудың нақты және келешек мүмкіндігінің жиынтығы ретінде қарастырған құрылымы мен мәнін негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Белгіленген бөліктер мен олардың көрсеткіштер негізінде дайындалған болашақ педагог кәсіби әлеуеті қалыптасуы мен дамуының жолдары, әдістемесі өз кезінде болашақ педагогтың жеке тұлғалық болмысы мен кәсіби әлеуетінің деңгейін анықтап, болашақ педагогты даярлаудың мазмұнына түзету жасауға мүмкіндік берді.

4. Анықталған педагогикалық шарттар болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жұмысына дайындығының сапасын арттырды. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары анықталды:

«Педагог әлеуетінің қалыптастырумен дамытудың теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы элективті курс мазмұны білімгерлердің болашақ педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетін қалыптастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

5. Жүргізілген педагогикалық-эксперименттік тәжірибе жұмыстарының нәтижесін: анықтаушы эксперимент кезеңінде болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптасуы мен дамуының орташа деңгейде берілді, қалыптастыру тәжірибесінде білімгерлердің деңгейі сапалық нәтиже тұрғысынан өсті.

Педагогикалық-тәжірибелік жұмыс жүргізілу барысында қол жеткен нәтижелер негізінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. Жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықтар бойынша дайындалатын жеке пән мұғалімдерінің /бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі мұғалімі, химия, физика, математика, информатика және т.б./ кәсіби әлеуетін қалыптасуы мен дамуының жолдары, әдістемесіне арналған элективті курстарды енгізу және осы бағытта болашақ педагогтың кәсіби дайындығы үрдісінде қолданылуы мүмкін.

2. Келешек зерттеушілер өздерінің диссертациялық ғылыми ізденушілік жұмыстарын **болашақ педагогтың** педагогикалық қызметі арқылы кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға арнап, мақсатты ғылыми шығармашылық жұмыспен айналысса, онда мектептегі педагог қауымының кәсіби біліктіліктерінің артуына теориялық және әдістемелік тұрғыда көмек болар еді.

Диссертациялық зерртеу жұмысымыздағы ұсынылған болжам ғылыми теориялық тұғыдан негізделуі мен педагогикалық эскперименттік

тәжірибелік жұмыстардың нәтижесімен дәлелденді. Алынған нәтижелер болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптасуы мен дамуының теориялық және әдістемелік негіздеулері Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнында болашақ мамандарды даярлау стратегиясын жүзеге асыру барысында дамыту қажеттілігін куәландырады.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Диссертациялық жұмыс мазмұны Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Педагогика және психология факультетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы аясында ғылыми зерттеушілік еңбектерді талқылау академиялық отырыстарында, Отандық және шетелдік халықаралық, конференцияларда талқыланды.

Ғылыми зерттеушілік бағыттағы диссертациялық жұмыстың басты қағидалы түсінік көзқарастағы ойлар мен нәтижелері бойынша төмендегі басылымдарда ғылыми-әдістемелік еңбектер мақалалар түрінде жарық көрді:

1. Развитие профессионального потенциала педагога как необходимое условие осуществления обновления образования. Наука и просвещение международный центр научного сотрудничество Фундаментальные и прикладные научные исследования: Актуальные вопросы, достижения и инновации сборник статей XXII Международной научно-практической конференции, Состоявшейся 15 апрель 2019 г. в г. Пенза 219-225. eLIBRARY ID: 37264978;

2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың басқару ерекшеліктері. «Білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламалары: оқу-тәрбие үдерісін нәтижелі ұйымдастыру мен құзыретті маман даярлау мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік (интернет конференция). Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті. 03-04.05.2019.

3. Научно-исследовательская деятельность креативного педагога в рамках обновленного содержания образования. IV Международная научно-практическая конференция «Членство в ВТО: перспективы научных исследований и международного рынка технологий» в г. Ванкувер (Канада) 23-25 октября 2019 г., 104стр;

4. Бастауыш сынып оушыларының ойлау іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері. Ілияс Жансүгіров атындағы ЖМУ. «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 25-26. Қазан 2019ж, Талдықорған, 236б;

5. Сущностная характеристика поликультурного образования. Абай атындағы Қазақ ҰПУ. «Хабаршы». «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, №2(62). 2019;

6. Педагог әлеуеті және оны қалыптастыру. Қазақстанның ғылым мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал №5 (3) 2020 ж, 150б;

7. Болашақ мұғалімдерді дайындаудың ғылыми негіздері. Абай атындағы Қазақ ҰПУ. «Хабаршы». «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(60), 2018 ж. 15-23б;

8. Development of the professional potential at the teacher as a necessary condition. Opcion Volume 35, Issue 88, 2019, Pages 92-114. ISSN: 10121587.

9. Pedagogical Competence as Means of Developing the Professional Potential of the Teacher. Vol. 12 No. 1 (2020): Issue 2020/1 <http://iratde.com/index.php/jtde/article/view/606>.